

"Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамының 2021 – 2030 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 881 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 540 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 540 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 184-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамының 2021 – 2030 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 881 қаулысымен
бекітілген

"Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамының 2021 – 2030 жылдарға арналған даму стратегиясы

Мазмұны

Кіріспе

1-бөлім. Холдингтің ағымдағы жағдайын талдау

1-кіші бөлім. Сыртқы ортаны талдау

2-кіші бөлім. Ішкі ортаны талдау

2-бөлім. Миссиясы және пайымы

3-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттары, қызметтің мақсаттары, түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер

1-кіші бөлім. Деректер ағындарын басқару тиімділігін арттыру

2-кіші бөлім. Экономиканың түйінді салаларының әрқайсысында технологиялық экожүйелерді ілгерілету

3-кіші бөлім. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы стартап-экожүйенің дамуын қамтамасыз ету

4-кіші бөлім. Холдингтің және еншілес ұйымдардың тұрақты дамуы және қызметінің тиімділігі

5-кіші бөлім. Холдингтің компаниялар тобындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру

1-қосымша

2-қосымша

3-қосымша

4-қосымша

Кіріспе

"Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – холдинг) "Арна Медиа" ұлттық ақпараттық холдингі", "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі", "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 шілдедегі № 668 қаулысына сәйкес құрылды.

Холдингтің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдинг акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – ЦДИАӨМ) болып табылады.

Холдингтің 2021 – 2030 жылдарға арналған стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) холдингтің 2011 – 2020 жылдарға арналған стратегиясының қолдану кезеңінің аяқталуына байланысты әзірленді және оның 2021 – 2030 жылдарға арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Аталған құжат ақпараттандыру және байланыс, цифрландыру, индустриялық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық саладағы және холдинг қызметінің бағыттары бойынша өзге салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленді.

1-бөлім. Холдингтің ағымдағы жағдайын талдау

1-кіші бөлім. Сыртқы органы талдау

Инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) енгізу экономиканы жаңғыртудың стратегиялық бағыттарының бірі болып

табылады. АКТ саласын дамытуға инвестициялар кез келген елдің ұзақ мерзімді перспективадағы бәсекелестік жағдайын күшейтуге ықпал етеді.

Атап айтқанда, Еуропалық комиссияның McKinsey & Company компаниясына тапсырмасы бойынша жүргізілген "Shaping the digital transformation in Europe" зерттеуінің базалық сценарийінде озық цифрлық технологиялар 2021 – 2030 жылдар кезеңінде ЖІӨ-нің орта есеппен жылдық 1,1 пайыз өсіміне ықпал етеді деп атап өтілген. Жиынтық әсері – осы технологиялардың нәтижесінде ЕО-28-ге мүше мемлекеттерде ЖІӨ-нің 2030 жылға қарай 14,1 пайызға өсуінде.

Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF) бағалауы бойынша цифрландыру кейінгі онжылдықта бизнес пен қоғам үшін зор әлеуетке ие және алдағы 10 жыл ішінде әлемдік экономика үшін 30 трлн АҚШ долл. астам қосымша табыс әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, озық АКТ-ның өзіндік құндылығына кепілдік берілмейді. Мемлекеттердің цифрлық экономика мен қоғамға көшуін қамтамасыз ету үшін түйінді АКТ әсер ету мүмкіндіктерін пайдалану үшін барлық деңгейде ынталандырушы іс-қимылдар қажет болады.

Цифрлық бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік рейтингінде (IMD World Digital Competitiveness Ranking 2019) Қазақстан Ресей (38-орын) мен Украинаны (60-орын) басып озып, 35-орынды иеленеді. Дегенмен, Қазақстанның үлкен деректерді пайдалану және талдама, компаниялардың икемділігі және мемлекеттік-жекешелік әріптестік сияқты көрсеткіштер бойынша бағалануы әзірге төмен.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросының деректері) деректері бойынша ҚР-да 2009 – 2018 жылдар аралығындағы кезеңде АКТ саласының тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) өндіру және өткізу көлемінің өсуі 626764 млн теңгеден 2053129,9 млн теңгеге дейін 327,6 %-ды құрады.

2014 – 2018 жылдар аралығындағы кезеңде АКТ саласының тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) өндіру және өткізу көлемінің тұрақты өсуі байқалады. Атап айтқанда, 2018 жылдың қорытындысы бойынша көлем 2053,1 млрд теңгені құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 9 %-ға артық (Ұлттық статистика бюросының деректері).

Сондай-ақ, осы кезеңде АКТ нарығында ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – ИТ) нарығының үлесі 26,5 %-дан 40,2 %-ға дейін өсті (Ұлттық статистика бюросының деректері).

Бүгінде Қазақстанда ЖІӨ-нің шамамен 5,5 %-ы АКТ-ға тиесілі, ал Корея Республикасында елдің ЖІӨ-дегі АКТ секторының үлесі 11,8 %-дан, Швецияда –

7 %-дан, АҚШ-та – 6,8 %-дан жоғары (Ұлттық статистика бюросының деректері)

Алайда, көлемнің жыл сайынғы өсуіне қарамастан, елдің ЖІӨ-де сектор үлесінің кері динамикасы байқалады. Елдің жалпы ЖІӨ көлеміндегі АКТ саласының тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) өндіру және өткізу көлемінің үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 0,3 %-ға төмендеп, 2019 жылы 3,3 %-ды құрады (Ұлттық статистика бюросының деректері).

Кәсіпорындарда АКТ-ға арналған шығыстардың өсуі 2014 жылдан бастап орта есеппен 14 %-ды құрады. Оң динамика кәсіпорындардың бағдарламалық қамтылымының төлеміне жұмсалатын шығындар үлесінің 2017 жылы жалпы шығындар көлемінен 21 %-ға дейін ұлғаюына байланысты (Ұлттық статистика бюросының деректері).

Аталған шығындардың ұлғаюы АКТ пайдалану факторының кәсіпорындар мен бизнестің тиімділігіне әсерінің артуын айғақтайды. Дегенмен, IDC компаниясының болжамдары бойынша жетекші компаниялардың 40 %-ын әуел бастан цифрлық жолға түскен жаңа компаниялар нарықтан ығыстыруы мүмкін.

Осылайша, әлемдік экономиканың экономикалық өсуі баяулауының жаһандық үрдістерінің әсерінен АКТ-ны мемлекеттік секторда пайдаланудың кейінгі сценарийлерін айқындайтын макро, сондай-ақ технологиялық және бизнес трендтердің ұлғаюы атап өтіледі.

Мемлекеттік компаниялар үшін ақпараттық технологиялар саласында АКТ-ның рөлі мен маңызының одан әрі эволюциясының бағыттарын айқындайтын мұндай макро, сондай-ақ бизнес және технологиялық трендтер Gartner-дің бірқатар зерттеулеріне сәйкес мыналар болмақ:

1. Мемлекеттік электрондық көрсетілетін қызметтердің құны мен құндылығын қоғамдық бақылау әсерінің өсуі аясында АКТ-ға жұмсалатын мемлекеттік шығыстарды қатаң үнемдеу және қысқарту бағдарламалары режимі, қоғамның қартаюын және білікті жұмыс күшінің трансшекаралық көші-қонын қоса алғанда, демографиялық ілгерілеулер.

2. Жаһандық және жергілікті компаниялар арасындағы өскелең бәсекелестік, табыстардың теңсіздігі, АКТ нарықтарынан алынатын салықтардың әділетсіз (үйлесімсіз) бөлінуі, сондай-ақ жылдам технологиялық өзгерістер елдерді ірі ұлттық, өңірлік дербестікті және цифрлық ұлттар егемендігін қорғап қалуға итермелейді.

Бұл бағыттағы бірқатар протекционистік қадамдар Еуропалық одақта, Америка Құрама Штаттарында (бұдан әрі – АҚШ), Қытайда, Ресейде және басқа да бірқатар елдерде бағдарламалық құжаттар мен заңдар деңгейінде тіркелген,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздігі тұжырымдамасында көрініс тапқан).

3. Ақпараттық жүйелерді жобалау, әзірлеу және пайдалану және ақпаратты (деректерді) өңдеу кезінде экономикалық тиімділікті құру және арттыру тәртібін оңайлату:

Agile by Design – икемді жүйелер мен шешімдер әзірлеу үшін пайдаланылатын тәсіл;

Shared Services 2.0 – ұйымдарға деректерді өңдеумен байланысты бизнес-процестердің бір бөлігін мамандандырылған ұйымдарға беру арқылы шығындарды азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәсіл;

Managed Service Providers (MSP) – басқарылатын сервистерді ұсыну тәсілі, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік аутсорсингі (Managed Security Service Providers (MSSP));

Anything as a Service – IaaS, PaaS және SaaS модельдерін үйлестіре отырып, тиімділікті, ауқымдалуын қамтамасыз ететін бұлтты технологиялардың көмегімен іске асырылуы мүмкін барлық көрсетілетін қызметтер спектрін ұсынатын тәсіл.

4. "Электрондық үкіметтің" шынайы уақытта деректер ағыны мен талдауын басқаратын цифрлық үкіметтік платформа жағына қарай дамуы. Деректердің қосылған құнын жасау тәсілін қолдау үшін Еуропада Деректерді өңдеудің 2019 – 2024 жылдарға арналған еуропалық стратегиясы қабылданды, 2020 жылы АҚШ-та онжылдық кезеңге арналған Деректер саласындағы ұлттық стратегиясы (Federal Data Strategy) бекітілді.

Жасанды интеллект негізінде деректер айналымын қамтамасыз ететін технологиялар (көрсетілетін қызметтерді реттеуші, бақылаушы, көрсетілетін қызметтерге тапсырыс беруші, көрсетілетін қызметтерді тікелей жеткізуші) қабылданған және енгізілген соң мемлекеттер көрсетілетін қызметтерді ұсынуда атқаратын рөлдеріне қарай мемлекеттік IT-компаниялар үшін одан әрі дамудың 4 сценарийін ашады:

1-сценарий: Қамқоршылдық

Жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) және ЖИ-ді пайдаланатын жаңа технологиялардың әсері салыстырмалы түрде төмен және мемлекет қызметтер көрсетуде жетекші рөлін сақтайтын жерде туындайды.

Бұл ретте сценарий көрсетілетін қызметтерді дербестендірілген ұсынуға басым көңіл бөледі. ЖИ мемлекеттік IT-ұйымдарда цифрлық жұмыс орындары мен виртуалды (қашықтағы) цифрлық жұмыс орындарын сақтай отырып,

талдаманы және мемлекеттің азаматтардың қажеттіліктеріне әрекет ету қабілетін жақсарта алатын жерде еңбек ресурстарының мүмкіндіктерін кеңейту үшін пайдаланылады.

2-сценарий: Болжамдық

Жұмыс күшінің мөлшері оңтайландырылатындықтан, шығыстарды оңтайландыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерді төмендетуге бағытталады. Мемлекеттік ІТ-ұйымдар бұл сценарийде бизнес-қызметтерді тікелей ұсынуға бағдарланады.

3-сценарий: Әріптестік

Бұл сценарийде үкімет азаматтардың мүдделері саласындағы реттеуші рөлін сақтай отырып, тиімділіктің түйінді көрсеткіштері (ТТК) арқылы көрсетілетін қызметтер ұсынуды коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдарға береді.

Мемлекеттік ІТ-ұйымдар бұл сценарийде өздері жұмыс істейтін экожүйені қолдауға жұмылдырылуға тиіс.

4-сценарий: Коммерциялық

Үкімет басқарушы емес, қадағалаушы рөлді атқарады және клиентке бағдарланушылық талаптарына сәйкес келуі үшін азаматтарға қызмет көрсететін экожүйелерді қадағалайтын болады.

Мемлекеттік ІТ-компаниялар бұл сценарийде Initial Public Offering (бұдан әрі – IPO) арқылы да жекешелендіру объектілеріне айналып, көрсетілетін қызметтер экспортын қоса алғанда, нарыққа басқа қатысушылармен "тең" шығуға тиіс болады.

Аталған трендтер айтарлықтай дәрежеде әмбебап сипатқа ие, барлық мемлекеттерге ықпал етеді және Қазақстан Республикасының бірқатар стратегиялық құжаттарында көрініс тапқан.

Атап айтқанда, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" шеңберінде үшінші индустриялық революция бағыты іске асырылуда, ол өндіріс ұғымының өзін түбегейлі өзгертеді: "Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз" (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы).

2050 жылға қарай Қазақстан өзінің өндірістік активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес, оның ішінде экспортты мемлекеттік ынталандыру арқылы толығымен жаңартуға тиіс.

Өз кезегінде, АКТ дамыту инновацияларды дамыту үшін адами және инфрақұрылымдық әлеуетті қалыптастыруға және жеке компанияларды зерттеулер мен инновацияларға инвестициялар салуға ынталандыруға бағдарланады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары аса жоғары өнімділік пен ғылымды көп қажет ету, цифрлық технологияларды тиімді қолдану, сондай-ақ шетелдік технологиялар трансфері мен оларды бейімдеу және өз технологияларын дамыту үшін орта құру есебінен экономикалық өсуді ынталандыру міндетін қояды.

"Ақпараттық Қазақстан – 2020" мемлекеттік бағдарламасы "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ЦҚ МБ) болып қайта форматталды. ЦҚ МБ IT индустрияны дамытудың заманауи трендтерін – "Big Data" үлкен деректерін, мобильді және бұлтты технологияларды, Интернет "заттарын" пайдалануды, өндірісті роботтандыру мен автоматтандыруды енгізуді толығырақ есепке алады.

ЦҚ МБ қолданысы кезеңінде өнеркәсіп пен электр энергетикасын, көлік пен логистиканы, ауыл шаруашылығын цифрландыру және "ақылды" қалаларды дамыту жөніндегі міндеттер шешілуге тиіс.

2-кіші бөлім. Ішкі органы талдау

Активтерді қайта құрылымдауға байланысты бүгінгі күні холдингтің құрылымы мынадай:

1) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҰАТ" АҚ);

2) "Astana Hub" халықаралық IT-стартап технопаркі" корпоративтік қоры (бұдан әрі – "Astana Hub" технопаркі);

3) "TRANSINFOTECH" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – "TRANSINFOTECH" ЖШС);

4) "Astana IT University" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – "Astana IT University" ЖШС);

5) "QazInnovations" инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "QazInnovations" ИДҰА" АҚ).

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде "Электрондық үкіметтің" сервистік интеграторын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 207 қаулысына сәйкес холдинг "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы болып айқындалды және "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ұлттық даму институтын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 695 қаулысына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ұлттық даму институты болып айқындалды.

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысымен "ҰАТ" АҚ "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының (бұдан әрі – ЭҮ АКИ) операторы болып айқындалды.

"Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 644 қаулысымен "Astana Hub" технопаркі "Astana Hub" халықаралық технологиялық паркі болып айқындалды.

Холдинг басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы шешімімен холдингтің "TRANSINFOTECH" ЖШС құруда "TRANSINFOTECH" ЖШС жарғылық капиталына 10 пайыз мөлшерінде қатысуын мақұлдау туралы шешім қабылданды.

"Astana IT University" ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 9 пайызын сатып алу "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамының "Astana IT University" ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 9 пайызын сатып алу-сату шартын жасасуы туралы" холдинг басқармасының 2019 жылғы 6 қыркүйектегі шешіміне сәйкес 2019 жылғы қарашада жүзеге асырылды.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына сәйкес холдинг акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді.

"Қазтелерадио" акционерлік қоғамының акцияларын сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 687 қаулысымен "Қазтелерадио" АҚ акциялар пакетінің 100 (жүз) пайызы республикалық меншікке берілді.

2020 жылғы 19 ақпандағы № 3/20 сыйға тарту шарты негізінде "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ-ны холдингтің қарамағына беру жүргізілді.

Холдинг Басқармасының Жалғыз акционер ретінде 2021 жылғы 19 ақпандағы шешіміне сәйкес "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ-ның атауы "QazInnovations" ұлттық инновацияларды дамыту агенттігі" АҚ болып өзгертілді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша холдингтің шоғырландырылған еңбек өнімділігі 11,6 млн теңгені құрады. Бұл ретте, Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2018 жылдың қорытындысы бойынша (2019 жылдың қорытындысы бойынша деректер жарияланған жоқ) еңбек өнімділігі (жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы жалпы қосылған құн), жалпы Қазақстан экономикасы бойынша 6,2 млн теңгені құрады. Осылайша холдингтің шоғырланған еңбек өнімділігі жалпы Қазақстан экономикасы бойынша мәнге қатысты 87 %-дан жоғары.

Ішкі және сыртқы ортаны талдау нәтижелері холдингтің күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ қатерлер мен мүмкіндіктерді бөліп қарастыруға мүмкіндік берді, олар төмендегі кестеде келтірілген.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Холдинг құрылымына кіретін компаниялар синергиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін функциялар үйлесімділігінің бірегейлігі. 2. Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – ЕҰ) әдіснамалық сүйемелдеу мәселелеріндегі тәжірибесі және тиісті қызметтерді көрсету үшін құзыреттің болуы. 3. Холдингті және оның ЕҰ-ны басқа АКТ компаниялары арасынан ерекшелейтін заңнамалық базасының болуы. 4. Холдингтің компаниялар тобының ауқымды жобаларды, оның ішінде АК-инфрақұрылымды, электрондық үкіметті дамыту саласындағы жобаларды іске асыруда жинақтаған тәжірибесі. 5. Меншікті өңірлік ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның болуы. 6. Холдинг ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі базалық ұйым (ТК-34), сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің АКТ саласындағы базалық ұйымы болып табылады. 7. Халықаралық ұйымдардың, оның ішінде халықаралық электр байланысы одағының, халықаралық стандарттау ұйымының және халықаралық электр техникалық комиссиясының жұмысына қатысу. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Басқарма мүшелерінің жиі ауысуына байланысты сабақтастық пен бірізділіктің тиісті деңгейінің болмауы және активтердің қайта құрылымдалуы. 2. АКТ дамытудың заманауи деңгейлеріне және халықаралық стандарттарға жауап беретін жоғары білікті IT-мамандардың жетіспеушілігі. 3. Мемлекеттік органдардың бюджеттік рәсімдеріне жоғары тәуелділік (мемлекеттік бюджетті секвестрлеу және оңтайландыру, IT-жобаларды іске асырудағы жүйесіздік, іске асыру кезеңдерін ауыстыру). 4. Бөгде байланыс операторларының көрсетілетін қызметтеріне жоғары тәуелділік (көрсетілетін қызметтердің сапасы және операторлар тарифтерінің өзгеруі). 5. Жобаларға қатысуды қамтамасыз ету үшін меншікті қаражатының болмауы. 6. Балама қорландыру көздерін тарту тәжірибесінің болмауы. 7. Коммерциялық жобаларды іске асыру саласындағы жеткіліксіз тәжірибе. 8. Персоналдың төмен уәждемесі және кадрлар тұрақтамауының жоғары болуы.
<p>Максаттарға қол жеткізу мүмкіндіктері</p>	<p>Қазіргі және ықтимал қауіп-қатерлер мен тәуекелдер</p>
<ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпараттық қоғамды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат. 2. Мемлекеттік саясаттың Қазақстанның цифрлық даму мәселелеріне бағытталғандығы. 3. Экономиканы дамытуға, оның ішінде инновацияларды дамытуға және шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған мемлекеттік саясат. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Макроэкономикалық тұрақсыздық, мемлекеттік шығыстардың қысқаруы, компаниялардың инвестициялық-инновациялық белсенділігінің төмендеуі. 2. Әртүрлі факторлар бойынша экономикалық даму қарқындарының баяулауы, мысалға пандемия, экспортталатын шикізат тауарларына бағаның

4. Холдинг көрсететін қызметтерге жоғары қажеттілік.	төмендеуі және т.с.с., соның салдарынан мемлекеттік шығыстардың қысқаруы,
5. Деректер мен экономикалық орындылық негізінде прагматикалық шешімдер қабылдау арқылы қызмет тиімділігін арттырудың әлеуеті мен ішкі көздерінің болуы.	компаниялардың инвестициялық-инновациялық белсенділігінің төмендеуі.
6. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігінің болуы.	3. АКТ саласының импортқа жоғары тәуелділігі.
7. АКТ дамуының негізгі трендтерін пайдалану: мобильдік технологияларды, бұлтты есептеулерді, индустриялық интернетті дамыту, ауқымды және ашық деректерді басқару.	4. АКТ саласында әлемдік деңгейдегі отандық зерттеулердің төмен деңгейі.
8. Қазақстан Республикасы арқылы үлкен трафик (деректер) көлемдерінің транзиті мен оларды берудің қолжетімділігі.	5. Бизнесінің технологиялық сипаттағы инновацияларды қабылдаудың төмен деңгейі.
9. Холдингтің цифрлық теңсіздікті жоюға қатысуы.	6. Дербес деректер субъектілерінің құпиялылығы мен құқықтарын бұзудың үдемелі қауіп-қатерлері мен тәуекелдері.
10. АКТ саласындағы заңнаманы үздіксіз жетілдіру.	7. Жасанды интеллект, "үлкен деректер" т.с.с. бағыттар бойынша жоғары біліктілікке ие мамандарды іздеу және жалдау проблемасы.

2-бөлім. Миссиясы және пайымы

Холдингтің миссиясы: қазақстандықтардың тұрмыс сапасын арттыру.

Холдингтің пайымы: холдинг – Қазақстанда АКТ дамуының драйвері.

3-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттары, қызметтің мақсаттары, түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер

1-кіші бөлім. Деректер ағындарын басқару тиімділігін арттыру

1-мақсат. Деректерді экономикалық айналымға қосу

Холдингтің деректерді экономикалық айналымға қосу жөніндегі түйінді құралы "электрондық үкімет" болып табылады. Дәл осы тетік мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимыл жасау процесін оңайлатуға мүмкіндік берді.

2008 – 2020 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан БҰҰ-ға мүше 193 елдің арасынан 81-позициядан 29-позицияға көтеріліп, БҰҰ-ның "Электрондық үкіметті" дамыту индексі" рейтингіндегі (EGDI) өз позициясын тұрақты түрде жақсартты. 2021 жылдың өзінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің "цифрдағы" үлесі 90 %-ды құрайды деп болжанып отыр. Осыған байланысты, бүкіл ел бойынша цифрлық инновацияларды ынталандыру және азаматтар үшін қызметтер көрсету сапасын арттыру үшін деректер әлеуетін ашу аса маңызды.

Алайда қалыптасып қалған бытыраңқы жүйелер, деректер мен процестер мемлекеттің аса кең цифрлық экожүйеге қатысуын шектеуді жалғастырып, толықтай цифрлық технологияларды енгізуге кедергі келтіруде.

"Data Exchange Agency" тәсілі арқылы ақпараттық өзара іс-қимыл процестерін оңтайландыру төрешілдікті жоюға мүмкіндік беріп, азаматтарды мемлекеттік органдар арасындағы ішкі әкімшілік рәсімдерге тартылу қажеттігінен арылтады.

Бұдан басқа, цифрлық трансформациялау азаматтардың ағымдағы ғана емес, сондай-ақ болжанатын қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бере отырып, азаматтарға деректер негізіндегі проактивті деп аталатын қызмет көрсетуді қоса алғанда, көрсетілетін қызметтердің жаңа модельдерінің туындауына алып келеді.

Бұл ретте, электрондық деректер осы моделдердің ортасында бола отырып, кәсіпкерлік субъектілері көрсететін басқа да көрсетілетін қызметтер мен өнімдермен үйлесімдікте үлкен пайда әкелуі мүмкін.

Қызметтер көрсету және мемлекеттің азаматтар мен бизнеспен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерінің трансформациясы коммерциялық сектормен кооперацияның сапалы жаңа деңгейі жасалатын ашық архитектура қағидаттарына (Open API) өту болады. Бұл инфрақұрылымды қолдауға шоғырлана отырып, мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі "соңғы миляны" экономиканың үкіметтік емес секторының өкілдеріне бере отырып, ақпараттық ресурстарды (деректерді) тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекеттік емес ақпараттық ресурстар азаматтар мен бизнеске мемлекеттік қызметтерді проактивті түрде көрсетуді қамтамасыз етіп, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді меншікті экожүйелерге интеграциялай отырып, фронт-енд болып табылады.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау шеңберінде қазіргі уақытта холдинг, "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы ретінде, орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың архитектурасын әзірлеуде, сүйемелдеуде және дамытуда және ақпараттандырудың сервистік моделін ілгерілетуде.

Міндеттер:

- 1) үлгілік архитектураны әзірлеу;
- 2) "Деректер – маңызды мемлекеттік актив" парадигмасында мемлекеттік деректерді басқару тәсілдерін дамыту (Open API);
- 3) ақпараттандырудың сервистік моделін дамыту және жетілдіру;
- 4) цифрлық экожүйе процестерін стандарттау;
- 5) "ақылды қала" концептін ілгерілету.

Осының бәрі азаматтарға және кәсіпкерлерге кез келген жерде, кез келген уақытта және кез келген құрылғыдан цифрлық үкіметтің жоғары сапалы ақпараты мен көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігін береді.

Осы мақсат шеңберіндегі қызметтің түйінді көрсеткіштері:

- 1) электрондық үкіметтің даму индексі;
- 2) Қазақстанның электрондық үкіметтің даму индексінің (БҰҰ әдістемесі бойынша) мемлекеттік онлайн сервистерді дамытудың кіші индексіндегі (Online Service Index) позициясы;
- 3) мемлекеттік емес қосымшалар мен сервистерде пайдаланылатын ашық деректер жинағының үлесі.

Мақсатты іске асырудан күтілетін нәтижелер:

Ел ауқымында сапалы, бірдейлендірілген, машинамен оқылатын әдепкі бойынша деректер жинағы.

Азаматтардың қажеттіліктері мен сұрау салуларын болжамдауға негізделген мемлекетпен электрондық өзара іс-қимыл тұжырымдамасынан (E-GOV) цифрлық үкімет тұжырымдамасына (AI-GOV) көшу.

2-кіші бөлім. "Экономиканың түйінді салаларының әрқайсысында технологиялық экожүйелерді ілгерілету

2.1-мақсат. Инновациялық жүйелер құру және дамыту

Ақпараттық және коммуникациялық жүйелер экономиканың нақты секторы ғана емес, сондай-ақ барлық заманауи инновациялық экономикалық жүйелер мен қоғамдардың негізі.

Қазақстан экономикасының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басым бағыты цифрлық инновациялық жүйелерді технологиялық платформалар немесе кластерлер ретінде құру және дамыту болып табылады.

Айталық, экономиканың түйінді салаларында барлық қолда бар ресурстар мен мүдделі тараптарды шоғырландыру арқылы технологиялық платформаларды қалыптастыру инновациялық және ғылыми-техникалық даму шеңберіндегі түйінді бағыт ретінде айқындалды.

Елдің инновациялық және технологиялық әлеуетін дамыту үшін "QazInnovations" ИДҰА" АҚ-ның қызметі мынадай стратегиялық бағыттарды іске асыруға жұмылдырылған: инновациялар экожүйесін дамытуды талдамалық сүйемелдеу және инновациялық қызметті ынталандыру.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 10 технологиялық платформа (электрондық өнеркәсіп, 4.0 Индустрия, GreenTech, SmartCity, AgriTech, ЖИ, GovTech, FinTech, SpaceTech және GeoTech) бойынша олардың одан әрі даму пайымы әзірленді, операторлар айқындалып, технологиялық платформаларды іске асыру жөніндегі нақты іс-шаралардан тұратын жол карталарының жобалары айқындалды.

Технологиялық жобаларға немесе ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға салымдарды қаржылық қамтамасыз ету

мәселесін шешкен кезде басымдық коммерцияландыру мүмкіндігімен аралас қаржыландыру нысанына берілетін болады.

Бұл мәселені шешудегі икемділікті қамтамасыз ету үшін іргелі зерттеулерді қаржыландыруды мемлекет жүзеге асыратын болады. Мұндай жағдайда, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) жүзеге асыру бойынша тапсырыстарды орындауға арналған ашық конкурстардың жеңімпаз ұйымдарымен технологиялық платформалар шеңберінде мемлекеттік келісімшарттар жасалатын болады.

Электрондық деректер ҒЗТКЖ зерттеулер орталығында орналасады және талдау немесе көрсетілетін қызметтермен және өнімдермен үйлесімдікте үлкен пайда әкелуі мүмкін.

Міндеттер:

1) технологиялық платформалар бағдарламасын іске асыру арқылы 10 мыңнан астам жұмыс орнын құру;

2) инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін 25 %-ға жеткізу;

3) ЖІӨ-дегі инновациялық өнімнің үлесін 5 %-ға жеткізу.

Осы мақсат шеңберіндегі қызметтің түйінді көрсеткіші:

1) инновациялық гранттар есебінен қаржыландырылып енгізілген технологиялар саны.

Мақсатты іске асырудан күтілетін нәтиже:

ДЭФ ЖБИ рейтингінде "Инновацияларға қабілеттілік" индикаторы бойынша жақсару – 2030 жылға қарай 50-орын.

3-кіші бөлім. АКТ саласындағы стартап-экожүйенің дамуын қамтамасыз ету

3.1-мақсат. АКТ сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау

Қазақстанда АКТ сегментінде кәсіпкерлік бастаманың төмен деңгейі байқалады. Бұл фактор Қазақстан Республикасында венчурлық капитал нарығы өзінің бастапқы қалыптасу кезеңінде тұрғандығымен шиеленіседі. Бірқатар сарапшылардың пікіріне сәйкес, венчурлық капитал нарығының көлемі шамамен 20 миллион АҚШ долларын құрайды.

Осыған байланысты Президенттің "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауын іске асыру мақсатында АКТ сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау үшін 2018 жылғы 6 қарашада "Digital Bridge" форумын өткізу шеңберінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен "Astana Hub" технопаркінің ресми таныстырылымы өтті.

"Astana Hub" технопаркі қызметінің нысанасы "Astana Hub" технопаркінің қатысушыларына акселерация, технологиялық бизнес-инкубация қызметтерін көрсету, "Astana Hub" технопаркінің қатысушыларын консультациялық,

ақпараттық, талдамалық, білім беру, маркетингтік қамтамасыз ету арқылы инновациялық мәдениетті дамыту және стартап-экожүйені жетілдіру болып табылады.

"Astana Hub" технопаркі "Астана" халықаралық қаржы орталығымен, Назарбаев Университетімен, Халықаралық ІТ-университетімен және Жасыл технологиялар мен инвестицияларды дамыту орталығымен қатар экожүйені қалыптастырады.

Қазақстанның стартап-экожүйесін қалыптастыру кезінде қатысушыларға заманауи инфрақұрылымның, инвесторлар іздеуге және компаниялардың сыртқы нарықтарға шығуына жәрдемдесудің мүмкіндіктерін, сондай-ақ оңайлатылған және жеңілдікті визалық, еңбек және салық режимдерін заңнамалық деңгейде ұсына отырып, АКТ-ны кластерлік қағидат бойынша дамытып жатқан Сингапур, Оңтүстік Корея, Израиль сияқты алдыңғы қатардағы елдердің тәжірибесі қолданылды.

Дәл осы стартап-компаниялар перспективада көрсетілетін ІТ-қызметтер мен шешімдер экспортының негізгі үлесін құрайды деп күтілуде.

Осыған байланысты, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау шеңберінде холдинг ІТ-компанияларды дамыту үшін жағдайлар жасау бойынша мынадай шаралар қабылдауда:

инкубаторларды, акселераторларды, бағдарламалау мектептері мен өңірлік серіктестерді бірлескен жұмысқа тарту;

әзірлемелер орталығын немесе R&D орталықтарын құру;

